

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1436 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгерімінен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілісін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1436 қаулысына
қосымша

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге берілетін мемлекеттік мүліктің тізбесі

Р/с №	Атауы	Пайдаланануға берілген жылы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4	5
1.	Боз арша	2011	дана	2
2.	Семенов балқарағайы	2003	дана	10
3.	Алмасом АСН-24 салқындатқышы 10	2002	дана	1
4.	Чунлан салқындатқышы	2006	дана	1
5.	Алмасом АСН-18 салқындатқышы	2010	дана	1
6.	Алмасом АСН-18 салқындатқышы	2010	дана	3
7.	Шығыстану ШК 10 жобалық-сметалық құжаттамасы		дана	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК